



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

3 шілде
сенбі

№52 (1754)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ
30

САРАПТАМА

ТӨРІҢІЗДЕ ДОМБЫРА ІЛУЛІ ТҰР МА?

Қазақ халқына қос ішекті домбыра туралы ақпарат берудің өзі артық. Өткенімізден сыр шертіп, тарихымызды көз алдымызға әкелетін аспаптың қадірін барша қазақ біледі. Оның қасиетін жүрегіміз ұғынады.



Ақын Қадыр Мырза Әлі «Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра, нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!» деп жырлағандай, біздер үшін қазақ пен домбыра егіз ұғым. Оны бір-бірінен елестету әсте мүмкін емес. Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті, терең тарихы осы аспаптан үндесіп жатқандай көрінеді. Сонау

ерте заманда ата-бабамыз бұл аспапта еркін ойнап, қос ішектен талай кереметті тудырған. Бар сүйініш-күйінішін домбыра үнімен жеткізген. Сондықтан ұрпақтан-ұрпаққа бабамыздың көзінде аманат болып жеткен бірден-бір асыл қазына.

3 БЕТТЕ

КӨК ТУДЫ ЖЕЛБІРЕТІП...

Мемлекет басшысы XXXII жазғы Олимпиада ойындары қарсаңында Қазақстанның ұлттық құрама командасының мүшелерімен кездесті. Кездесуге Қазақстан құрама командасының негізгі бөлігі Алматы облысындағы «Ақбұлақ» олимпиадалық орталығынан телекөпір арқылы қатысты. Онда спортшылар Токиода аттанар алдындағы соңғы жаттығу жиындарын өткізіп жатыр.



Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыларымыздың Токиода рекордтық нәтиже көрсететініне, еліміздің әлемдегі жетекші спорт державаларының арасындағы беделін нығайтатынына сенім білдірді.

Рәсімде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын алғаш рет екі бірдей тұтастығына – жеңіл атлетикадан Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакова мен Боқстан әлем чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаева табыстады.

Қамшыбек Қоңқабаев Президентке отандастарымыздың сенімін ақтау үшін құрама команда барын салатынын жеткізді.

– Сіздің қолыңыздан еліміздің Туын алу – үлкен абырой, зор жауапкершілік. Олимпиадаға қатысушы спортшылар қастерлі санайтын осы Тудың Токио төрінде жиі көтеріліп, Өнұранымыздың шырқалуы үшін барымызды саламыз, – делі бокстан Қазақстан құрама командасының капитаны.

«Ақмешіт ақпарат»

ӘБИГЕР

ӘЛЕМ

АПТАП БЫСТЫҚ АЛҚЫМНАН АЛДЫ

Соңғы аптада әлемнің көп жерінде қалыпты жағдайдан да жоғары температура байқалады. Бұл өз кезегінде адамдардың денсаулығына кері әсерін тигізіп, орман өртіне әкеп соқтыруда. Мәселен, Канададағы ыстық 49,6 градусты көрсетіп, рекордтық көрсеткішке жетті. Соның нәтижесінде Канаданың Литтон қалашығына жақын жерде орман өрті басталып, тұрғындар үйлерін тастап көшуге мәжбүр болды. Одан бөлек ыстықтың әсерінен адамдар көз жұмуда. Орын алған жағдайға байланысты CNN арнасының тілшілері Сара Мун, Джон Пассантино мен Ребекка Рисс «Колумбиядағы ыстық кезінде 230-дан астам адам өлімі тіркелді» атты мақала жариялады.



Өткен жұмандан бастап Британдық Колумбия провинциясында орын алған рекордтық ыстықтың кезінде 230-дан астам адам өлімі тіркелген. Бұл туралы провинция әкімшілігі хабарлаған. Өлім-жітімді зерттейтін бас қоронер бұл жағдайды «бұрын-соңды болмаған оқиға» деп бағалап отыр.

«Өткен аптаның аяғында басталған аптап ыстықтан Британдық Колумбия қоронерлер кеңсесінде өлім-жітімнің едәуір өсуі байқалды. Оған жылу толқыны себеп болып тұр», – дейді бас қоронер Лиза Лапуанте.

Коронерлік кенсе әдетте 4 күн ішінде өлім туралы 130 мәлімдеме қабылдайтын болса, өткен жұмандан дүйсенбіге дейін барлығы 233 адам өлімі туралы мәлімет келіп түскен. Лиза Лапуанте бұл көрсеткіш әлі де өсіп жатқанын мәлімдеген.

Қазіргі таңда зерттеушілер тіркелген жағдай туралы ақпарат жинап, оның себебін анықтаумен және оған ыстықтың қатысы бар-жоғын анықтаумен айналысуда.

«Бұл ыстық қатерлі дертке немесе өлімге әкелуі мүмкін. Әсіресе, қарт адамдар, сәбилер мен жас балалар және созылмалы аурулары бар адамдарға аса қауіпті», – делінген қоронерлік кенсенің хабарламасында.

Сол күні Ванкувер әкімшілігі де өлім-жітімнің көбейгенін хабарлады. Ванкувер полициясының мәліметінше, аптап ыстық басталғалы басқарма 65 мезгілсіз өлім туралы хабар алған. «Бүгін ғана офицерлер 20 кенеттен болған өлім туралы хабар алып, оқиға орнына барды», – делінген департаменттің 30 маусымдағы хабарламасында.

«Ванкуверде бұған дейін мұндай жағдай болған емес», – дейді полиция басқармасының баспасөз хатшысы Стив Аддисон. Ванкувер орталығындағы ауа температурасы дүйсенбі күні 101,5 градус фаренгейтті көрсеткен.

Канада патшалық полициясы дүйсенбіден бері 35 өлім жағдайы тіркелген орынға барған. Олардың айтуынша, бұл жағдайдың себебі анықталмағанымен, ауа температурасы өзгергеннен бастап мұндай жағдай көбейген.

Ал Бернаби қаласында патшалық полицияға 34 адамның өлімі туралы хабар келген. Тіркелген барлық жағдайдың себебі ауа температурасының көтерілуі болып отыр.

«Біз мұндай ауа-райының адамға зиян екенін, әсіресе, егде жастағылар мен сәбилерге кері әсері көп екенін байқадық. Сол үшін мұндай ыстыққа жанымыздағы жандарды бақылауда ұстағанымыз дұрыс», – дейді Майк Каланж. Полицияның хабарлауынша, қайтыс болған жандардың көбісі қарттар. Сол себептен тұрғындарға жақындарының жағдайын көбірек бақылауды ескертіп отыр.

Литтонда сейсенбі күні ауа температурасы 49,4 градус цельсийді құрады. Мамандардың айтуынша, мұндай аптап ыстықтар табиғи қауіпті құбылыстардың ішінде жоғары орында екен.

Ауруларды бақылау орталығы қатты ыстық АҚШ-тағы ауа-райының ең қауіпті оқиғаларының бірі болып саналатыны, жыл сайын орта есеппен 702 адам осы жағдайдан қайтыс болатынын мәлімдеді. Бұл көрсеткіш дауылдардан, су тасқыны мен торнадодан қайтыс болғандар санынан да көп екен.

4 БЕТТЕ

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті қызылордалықтар!

Қазақтың қасиетті аспабы, құнды байлығы, таптырмас қазынасын ұлықтайтын бүгінгі Ұлттық домбыра күнімен баршаныңызды шын жүректен құттықтаймын!

Қазақ пен домбыра – егіз ұғым. Күмбірлеген домбыраның үні батырларымызға рух, ақындарымызға шабыт берген. Домбыра әрбір қазақтың рухын көкке көтеретін құнды қазынамыз болуы тиіс. «Сарыарқа», «Балбырауын», «Адай», «Әлкисса» күйлері – ұлттық рухымызды көтеретін таңғажайып туындылар. Домбыраның пернесінен шыққан күйде халқымыздың терең тарихы бар. Біз атадан балаға аманат болған асыл мұрамызды сақтап, қадір тұтуымыз қажет. «Өнер – ұлт келбеті» дейді дана халқымыз. Баршамызға ортақ құндылық – домбыраны жан-жақты насихаттап, жас ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды.

Қазақ халқы үшін домбыра – ұлттық аспап қана емес, қазақтың жаны мен қаны, ары мен бары, қасиеті мен киесі. Домбыра – халықтың қайғы мен мұңын, қуаныш пен шаттығын жеткізген сенімді серігі. Ұрпақтан-ұрпаққа бабалардың үнін жеткізіп, Ұлы Даланың сазды сарынын жырлаған да домбыра.

Қазаққа қиындықта сүйеу, қуанышта көңіл қанаты болған қара домбыраның қоңыр үні-қанымызда, бебеулеген сарыны санамызда сақталған, ұлттық қолдымызда танбалған. Сондықтан шанағынан күй төгілсе, елең етпейтініміз жоқ.

Қадірлі жерлестер!

Мазмұнға толы мақсатты мереке құтты болсын! Өр шаңырақтан әуезді ән, күмбірлеген күй үзілмесін! Халқымыздың қатпар-қатпар тарихынан, асу да асу кезінен сыр шерткен күй-толғау, сұлу ән-әуен құлағымыздан кетпесін, халқымыздың қасиетті ұлттық аспабы – Домбыра төрімізден түспесін!

Ізгі ниетпен,
Қызылорда қаласының әкімі
Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ

БАҚ ПЕН БИЛІК

Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесті. Кездесудің бір ерекшелігі еркін форматта өтті. Ұзын-сонар баяндамасыз, журналистермен еркін пікір алмасқан басқосу болды. Екі сағатқа созылған отырыста БАҚ өкілдері қаланың өзекті мәселесін көтеріп, оған тұщымды жауап алды.



МЫҢ САН МӘСЕЛЕНІ ЖАСЫРМАҒАН БАСҚОСУ

Өкімдік қызметін қарапайым халықтың мұң-мұқтажын тыңдаудан бастаған шаһар басшысы қаладағы өзекті мәселелерді шешуге білек сыбана кірісті. Олай деуімізге себеп көп. Мәселен, көптен бері қордаланған аяқ судың шешімі табылып, жыры бітпейтін қоғамдық көліктегі мәселесі жіті қаралуда. Дегенмен қаланың мәселесі ұрсылған ба?

Басқосуда қала әкімі ең алдымен БАҚ өкілдерін төл мерекесімен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі. Еліміздің даму тарихындағы небір қиын-қыстау кезеңдерде мемлекеттік саясаттың бастамасымен қолға алынған әрбір шараны қолдай отырып, қоғамда орнықты ой-пікір қалыптастырып, халық пен билік арасындағы алтын көпір бола білген қаламгерлерге алғысын жеткізді. Сонымен бірге жаналық жарышысы, жақсылықтың хабаршысы ақпарат жауынгерлерінің еңбегін жоғары бағалайтынын тілге тиек етті.

Қала әкімі қызметіне тағайындалғанына 3 ай уақыт болды. Осы аралықта қаланың орталығын, қалаға қарасты ауылдық округтерді аралап, ондағы кемшіліктерді көзбен көріп жүр.

Сондай-ақ жергілікті тұрғындармен кездесіп, олардың өтініш-тілегін мұқият тыңдап, халыққа жақын әкім екенін байқатты. Кездесуде Ғанибек Қонысбекұлы қала басқаруға келгендегі басты мақсатын да жасырмалы.

– Мен қала әкімі лауазымына мансап қуып, байлық іздеп келгенім жоқ. Маған билік емес, абырой керек. Мемлекет және қоғам қайраткері Қонысбек Қазантаевтың атына кір келтірмей, әкем секілді елдің шын алғысын алып, қаланың дамуы жолында адал қызмет ету парызым, – делі қала әкімі сөз басында.

Жиында «Қоғам тв» телеарнасының құрылтайшысы Шәкізата Әбдікәрімов бұл басқосудың маңызын атап өтті.

– Біз қаламгерлер болсақ та, қайырымды қаланың тұрғындарымыз. Сондықтан қаланың өзекті мәселелері көз алдымызда сайрап тұр. Сондай-ақ айтатын ұсыныс-пікірлер де жеткілікті. Біздер үшін бүгінгі басқосудың орны бөлек. Өйткені бұл журналистердің ой-пікірін тыңдап, оны жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылуда.

2 БЕТТЕ

ДЕНСАУЛЫҚ

COVID-19: ТАҒЫ ДА «САРЫ АЙМАҚТА»

Аймақтағы эпидемиологиялық бағалау матрицасы күн сайын өзгеріп отыр. Бір күні «жасыл аймақтың» тізімінде болсақ, 2 шілде Қызылорда облысы «сары аймаққа» өтті. Жалпы 2020 жылдан бері облыста барлығы 7197 адам коронавирус жұқтырса, оның 4305-і Қызылорда қаласынан.



1 шілдеде өңірде 49 адам коронавирусы жұқтырған. Оның 34-інде вирус симптомдары байқалады. Сол күні вирус анықталған науқастың 19-ы инфекциялық стационарға жатқызылды. Қалған 30 науқас үй жағдайында бақылауға алынған. Жалпы бұл анықталған жағдайдың 42-і жаңа ошақ ретінде тіркелсе, 7 жағдай қарым-қатынас арқылы жұққан.

Сондай-ақ 1 шілдеде 19 адам Covid-19 вирусынан жазылып шыққан. Оның ішінде 16 адам Қызылорда қаласынан. Осы кезге дейін індеттен жазылып шыққан адамдар саны 93 процентті, яғни 6711 адамды құрайды. Сол күні облыстық зертханаларға тапсырылған сынама саны – 1169. Ол тесттің 874-і тексерілсе, 295 тестпен жұмыс жасалуда. Эпидемиологиялық маусым басталғалы өңірде 393011 сынама алынған.

Қазіргі кезде өңірдегі инфекциялық стационарларға – 242 науқас жатқызылып, жүктемесі 43 процентті көрсетіп тұр. Ал жансақтау бөлімінің жүктемесі 15 процент. Мұнда 13 науқас ем алууда.

Вакциналау науқаны бойынша 1 шілдеде облыста барлығы 2947 тұрғын Covid-19 вирусына қарсы вакцинацияның I компонентін алса, вакциналау науқаны басталған ақпан айынан бастап 158358 адам екенін I компонентін алған. Ал вакцинацияның II компонентін 100274 адам алу керек болғанымен, бүгінде түрлі себеппен екені екінші рет салдырғандар саны 85935 адамды құрап тұр. Дегенмен екпе алған тұрғындардан денсаулық жағдайына ешқандай шағым түспеген.

«Ақмешіт-ақпарат»

ТӨРІҢІЗДЕ ДОМБЫРА ІЛУЛІ ТҰР МА?

Күй анасы Дина Нұрпейісованың «Домбыра шертенде оны адамша сөйлетіп, сол арқылы белгілі бір күйдің мән-мазмұнын тыңдаушыға толық жеткізу керек» деген қанатты сөзімен домбыраның қасиетін аңғару қиын емес. Домбыраның шығу тарихы туралы түрлі аңыздар бар. Сол аңыздардың бірінде: Ертеде бір аңшы жігіт биік таудың қиясын, қалың қарағайдың арасын тұрақ еткен бұғы, маралды аулап, кәсіп етіпті. Бірде қанжығасы майланып, теңбіл марал атып алады. Оны етекке түсіру үшін ішек-қарнын ақтарып, алып тастайды. Содан арада айлар өткен соң әлгі жігіт аң атуға ұрымтал жер еді ғой деп, баяғы теңбіл маралды атқан маңға бет алады. Сол сәтте құлағына бір ызыңдаған дауыс естілгендей болады. Барлап қараса, өткенде атқан маралдың ішегін қарға-құзғын іліп ұшқан болу керек, қарағайдың бұтағына қос тіп болып керіліп қалғанын көреді. Ызыңдаған дыбыстың содан шығып тұрғанын аңғарады. Бұтақтарға керіле кепкен оны сол ғана жел тербесе ызыңдап, әдемі әуен шығарады. Оның өзі бірде үйленб, бірде сарнап, енді бірде сынып жылағандай болып, аңшы жігітті алуан түрлі күйге бөліреді. «Мына қос ішекке тіл бітейін деп тұр екен, бір амал жасайын» деген оймен оны үйге алып келеді. Сөйтіп, ағаштан бір аспап жасап, соған әлгі қос ішекті тағады. Тартып көрсе, шындығында тіл біткендей күмбірілеп қоя береді. Ерекше үн мергеннің гана жанын жадыратып қоймай, тыңдаған жанның бәрін ұйытады. Осылайша ол көптің сүйіп тыңдайтын аспабына айналған деседі. Бұл қазақтың ұлттық мұрасы домбыра мен күмбірілеген күй ұғымының дүниеге келуі туралы ел аузында қалған «Қос ішек» аңызы еді.

Жиналған 10 адамның біреуі домбыра шерте алса, қуанасың. Расымен де, түрлі жанын-тойларда домбырамен кеш көркін аша түсетін жандарды кездестіру күн өткен сайын қиындап барады. Тіпті, үй біткеннің төрінен табылатын үкілі домбыраны қазір бір ауылдан іздеп табудың өзі қиын. Той-жыны бола қалса, домбыра іздеп ауыл кезіп кететін жағдай жиі болып тұрады. Бүгінде оны тек көнекөз қариясы, не домбыра шертетін адамы бар бірлі-жарым шаңырақтан ғана кездестіреміз.



Қарап отырсаңыз, тарихтан сыр шерткен домбырадан төгілген күй мен шырқалған ән де терең мағына жатыр. Ұлы даланың өлмейтін өр рухын күйшілер бізге осы аспаптың құдіретті үнімен жеткізді. Яғни, қазіргі заманың тілімен айтсақ, біздің нағыз ұлттық бредіміміз.

Ал бүгінде жастардың ұлттық аспапқа қызығушылығы азайып бара ма? Байқап қарасақ, бұл бағыттағы мәселені талқылауға келгенде қашанда айтылып пікір қалыптасуда. Бірі домбыраның құлағында ойнайтын ұрпақ әлі де бар және бола береді десе, енді бірді домбыра тартатын жас буын қатары азайды дегенді алға тартады. Орайы келгенде мамандар пікірін де тыңдадық.

Еліміздің өзге өңірлеріне қарағанда Сыр елінің өнерге деген құрметі мен қызығушылығы ерекше. Бір кездері домбыра тарта алатын жандар қатарының азайып кеткені рас. Бірақ соңғы жылдары ашылып жатқан түрлі үйірмелердің, музыкалық колледждерде домбырадан бөлек, жыр-терме мамандықтары бойынша маман даярлайтын кафедралардың арқасында бұл мәселе өзінше шешімін тауып келе жатыр. Домбыраның замана ағысымен жандануына түрлі республикалық, халықаралық байқаулардың да ықпалы зор. Оның үстіне қазір қай ауылдан бара қалсаңыз да, ол жақтан арнайы жыр мектептерінен бөлек, сыныптар мен үйірмелердің ашылғандығын байқаңыз. Оларға қатысып жатқан балалар қатары өте көп. Өзім де осы салада жүргендіктен бұл мәселенің мән-жайы маған етене таныс. Болашақ жыршы-термеші әншілерді дайындайтын кезде де алдымен домбыра үйретеді. Мәселен,

қазір күй сабағы оқу кестесіне енді. Яғни, түлектердің даусы, аспапта ойнау шеберлігі де назарда болады. Қазірдің өзінде мектеп оқушыларының домбыраға деген қызығушылығы өте жоғары. Соңғы жылдары «Қызылжарма» мәдениет үйінің жанынан құрылған «Балқаймақ» домбыра үйірмесіне жүздеген оқушы қатысып, домбыра тартудың қыр-сырын үйреніп, күйлерді жаттады. Сондай-ақ түрлі байқауларға қатысып, жеңімпаздар қатарынан көрініп жүр. Атап айтсақ, жақында өткен

машықтанғаны соншалық талдырмыш саусағы домбыра шаңағында жеңіл жылжып, аспап пен көңіл пернесін дөп басуда өте шебер-ақ.

Бүгінде жерлесіміз Біржан Ділманов ата жолын қуып, домбыра жасайтын өз шеберханасын ашқан. Ол саусағынан өнер тамған шебер ағаштан түрлі бұйымдар істейді. Басты кәсібі – домбыра жасау. Ол сүйікті ісін 20 жыл бұрын бастаған. Шебер домбыраны аз дегенде 10 күнде жасаса, ең ұзағын 3 айда бітіреді екен.

– Ұсталық қасиет әкем Базарбектен дарыған. Бүкіл Ділманов әулеті осы кәсіппен айналысады. Үлкен ағамыз Сапарбек домбыра жасайтын цех ашып, осы істі бірінші болып қолға алды. Қазір оның ізін біз жалғап келеміз. Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында шеберхана филиалдары жұмыс істейді. Біздің шеберханада 15 станок бар. Оның әрқайсысын пайдалану аса ұқыптылық пен іккем керек. Әр дүниені сапалы әрі сәнді етіп жасауға барынша күш саламыз. Домбыраны бір ай істесем де сапалы болғанына баса назар аударамын. Қазіргі кезде сатып алушылар өздері іздеп келіп, жиі тапсырыс береді, – деді «Жетіген саз аспаптар» ЖШС шеберханасының жетекшісі Біржан Ділманов.

Соңғы жылдары ұмыт бола бастаған дәстүрлерді қайта жаңғырту мақсатында түрлі жобалар қолға алынауда. Солардың бірі «Домбыра пати», «Домбыра фест» шаралары Қазақстанның түкпір-түкпірінде дәстүрлі түрде ұйымдастырылууда. Ашық аспан астындағы бұл игі шара өнерге құштар жастар тарапынан қолдау тауып, дәстүрге айналғаны көңілге қуаныш ұялатады. Аталған жобаның аты мен затына байланысты сын пікір айтылса да, ұлттық құндылықты насихаттаудың жаңа форматының орны ерекше болып тұр. Себебі жас ұрпақты киелі өнердің құдіретін ұғындырып, қызығушылығын оятуда бұл әдістің маңызы зор. Оның қуыр қаржымен өтетін жаттанды мерекелік жыйындардан әлдеқайда артық екендігі де сондықтан болады.

Ұлттық өнердегі мұндай жетістікті көріп іштей қуанасың. Өйткені бұл – қазақ үшін аса кәсіпті дүние. Домбыраны шерте білу – ата дәстүрге бойлап, бойға сіңіре білу. Атадан қалған баға жетпес мұрамызды жас ұрпақ өз деңгейінде құрметтеп, келер буынға аманат етсе, нұр үстіне нұр болмақ. Ғалымдардың пайымдауынша, кімдекі домбыра құдіретін шын ұғынса, психология, физика, математика, тарих, педагогика ғылымдарының барлығы онай менгере алады деседі. Бұл домбыраның біз біле бермейтін қасиетін аңғарта қарқын бергені, әрбір ісі қазақтың бұл жәдігерді ұлттық құндылықты бірегейі ретінде қастерлеуі парыз.

Мұндағы жас домбырашылар түрлі байқауларда бақсынап, жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Олардың 85 проценті оқу бітіргеннен кейін ірі қалалардағы өнер академиясына оқуға түсіп, білімін жетілдіреді. Ал қазіргі таңда қаладағы өнер мектебінің жалпы ұлт-аспаптар бөлімінде 130-дан астам жас білім алса, оның 70-80-ге жуығы домбыра үйренуге ниет білдірген өрендердің үлесінде екен. Мұндағы әрбір баланың әбден

арнайы органдар, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ұлттық компаниялар, меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалар:

1) мынадай ұйымдардың/объектілердің қызмет көрсету жөніндегі объектілерінің (халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО), «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, екініші деңгейдегі банкітер, қаржы нарығының объектілері, сактандыру компаниялары, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, айырбастау пункттері, ломбардтар, сұлулық салондары, шаш-тараздар, химиялық тазалау орындары, кір жуу орындары, фитнес, спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары, СПА және массаж салондары/орталықтары/кабинеттері, моншалар, сауналар, бассейндер, жағажайлар, типографиялық көрсетілетін қызметтер, тігін ательесі, фотосалондар, аяқ киім шеберханалары, гүл дүкендерінің, аяқ киім, киім жөндеу, ұйымдастыру техникасын жөндеу жөніндегі сервис, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг, маникюр және педикюр, косметологиялық қызметтерді көрсету жөніндегі объектілер, өзге де объектілер);

халық тұтынатын өнімдердің және тауарлардың көтерме және бөлшек саудасы (сактау) объектілерінің, оның ішінде базарлардың, сауда үйлерінің, сауда желілерінің, сауда-ойын-сауық орталықтарының, дүкендердің, шағын маркеттердің, супермаркеттердің, гипермаркеттердің;

мәдениет және демалыс объектілерінің (музейлер, музей-қорықтар, кітапханалар, концерттік ұйымдар, филармониялар, театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, клубтар, галереялар, көрмелер, ширктөр және басқа да мәдени-демалыс объектілері);

халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы объектілердің (қонақ үйлер, отельдер, хостелдер, мотельдер, жатақханалар, кемпингтер және тағы басқалар); жолдаушылар тасымалын жүзеге асыратын ұйымдардың, әуежайлардың, теміржол, авто-

мобиль және су вокзалдарының, өзген және теңіз порттарының, автостанциялар/автоөтеп жолдарының, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің;

білім беру және тәрбиелеу ұйымдарының, оның ішінде білім беру дамыту және түзету орталықтарының (ересектер мен балаларға арналған), оқу-өндірістік комбинаттардың және басқа да мектептен тыс ұйымдардың;

санаторий-курорттық және сауықтыру мақсатындағы объектілерінің (санаторийлер, демалыс үйлері/базалары/аймақтары, профилакторийлер, балалардың сауықтыру лагерлері (мектеп жанындағы, қала сыртындағы), туристік базалар және басқалар);

қоғамдық тамақтану объектілерінің, оның ішінде ұйымдастырған ұжымдарға орналасқан, сондай-ақ тамақ жеткізуді жүзеге асыратын объектілердің, стрит-фудтардың;

барлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік объектілердің (қарттар, мүгедектер үйлері, сәбилер үйлері және басқалары);

денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде зертханалардың;

дәріхана ұйымдарының;

тіршілікті қамтамасыз ету және коммуналдық шаруашылық объектілерінің (судмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, аумақтарды жинау және қалдықтарды шығару, өңдеу бойынша ұйымдар, авариялық-құтқару қызметтері, ПИК және МИБ және басқалары);

экскурсиялық қызмет көрсететін ұйымдардың;

демалыс объектілерінің, ойын-сауық ойын объектілерінің (компьютерлік клубтар, билырд залдары, боулингтер, ойын-сауық орталықтары/сабақтары, аттракциондар, аквапарктер, кароке, лотерея клубтары және лотерея билеттерін сату жөніндегі өзге де пункттер/нүктелер және басқалар);

байланыс және телекоммуникация объектілерінің;

2) осы қаулының 6-1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдардың вакцинацияланбаған жұмыскерлері үшін (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) (7 күнде 1 рет) міндетті ПТР-тестілеу.

6-2. Облыстардың, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының әкімдері, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ұлттық компанияларының, ұйымдардың, меншік нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында осы қаулының 6-1-тармағында белгіленген салаларда қызмет жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың басшылары:

1) 2021 жылғы 15 шілдеге дейінгі мерзімде (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) вакцинацияның бірінші компонентімен, ал 2021 жылғы 15 тамызға дейінгі мерзімде COVID-19-ға вакцинацияның екінші компонентімен профилактикалық егулер жүргізуді ұйымдастырсын;

2) профилактикалық егулер жүргізу қажеттілігіне ерекше назар аудару отырып, COVID-19 жаңа коронавирус инфекциясының профилактикасы мәселелері бойынша жұмыскерлер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейтсін;

3) COVID-19-ға қарсы вакцинация алмаған жұмыскерлер үшін (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) көзбе-көз режимде жұмысқа жіберуді шектесін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы қаулы 2021 жылғы 2 шілдеге сағат 00-ден бастап күшіне енеді.

Е. ҚИЯСОВ
Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері

Қарап отырсаңыз, тарихтан сыр шерткен домбырадан төгілген күй мен шырқалған ән де терең мағына жатыр. Ұлы даланың өлмейтін өр рухын күйшілер бізге осы аспаптың құдіретті үнімен жеткізді. Яғни, қазіргі заманың тілімен айтсақ, біздің нағыз ұлттық бредіміміз.

Ал бүгінде жастардың ұлттық аспапқа қызығушылығы азайып бара ма? Байқап қарасақ, бұл бағыттағы мәселені талқылауға келгенде қашанда айтылып пікір қалыптасуда. Бірі домбыраның құлағында ойнайтын ұрпақ әлі де бар және бола береді десе, енді бірді домбыра тартатын жас буын қатары азайды дегенді алға тартады. Орайы келгенде мамандар пікірін де тыңдадық.

Еліміздің өзге өңірлеріне қарағанда Сыр елінің өнерге деген құрметі мен қызығушылығы ерекше. Бір кездері домбыра тарта алатын жандар қатарының азайып кеткені рас. Бірақ соңғы жылдары ашылып жатқан түрлі үйірмелердің, музыкалық колледждерде домбырадан бөлек, жыр-терме мамандықтары бойынша маман даярлайтын кафедралардың арқасында бұл мәселе өзінше шешімін тауып келе жатыр. Домбыраның замана ағысымен жандануына түрлі республикалық, халықаралық байқаулардың да ықпалы зор. Оның үстіне қазір қай ауылдан бара қалсаңыз да, ол жақтан арнайы жыр мектептерінен бөлек, сыныптар мен үйірмелердің ашылғандығын байқаңыз. Оларға қатысып жатқан балалар қатары өте көп. Өзім де осы салада жүргендіктен бұл мәселенің мән-жайы маған етене таныс. Болашақ жыршы-термеші әншілерді дайындайтын кезде де алдымен домбыра үйретеді. Мәселен,

қазір күй сабағы оқу кестесіне енді. Яғни, түлектердің даусы, аспапта ойнау шеберлігі де назарда болады. Қазірдің өзінде мектеп оқушыларының домбыраға деген қызығушылығы өте жоғары. Соңғы жылдары «Қызылжарма» мәдениет үйінің жанынан құрылған «Балқаймақ» домбыра үйірмесіне жүздеген оқушы қатысып, домбыра тартудың қыр-сырын үйреніп, күйлерді жаттады. Сондай-ақ түрлі байқауларға қатысып, жеңімпаздар қатарынан көрініп жүр. Атап айтсақ, жақында өткен

машықтанғаны соншалық талдырмыш саусағы домбыра шаңағында жеңіл жылжып, аспап пен көңіл пернесін дөп басуда өте шебер-ақ.

Бүгінде жерлесіміз Біржан Ділманов ата жолын қуып, домбыра жасайтын өз шеберханасын ашқан. Ол саусағынан өнер тамған шебер ағаштан түрлі бұйымдар істейді. Басты кәсібі – домбыра жасау. Ол сүйікті ісін 20 жыл бұрын бастаған. Шебер домбыраны аз дегенде 10 күнде жасаса, ең ұзағын 3 айда бітіреді екен.

– Ұсталық қасиет әкем Базарбектен дарыған. Бүкіл Ділманов әулеті осы кәсіппен айналысады. Үлкен ағамыз Сапарбек домбыра жасайтын цех ашып, осы істі бірінші болып қолға алды. Қазір оның ізін біз жалғап келеміз. Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында шеберхана филиалдары жұмыс істейді. Біздің шеберханада 15 станок бар. Оның әрқайсысын пайдалану аса ұқыптылық пен іккем керек. Әр дүниені сапалы әрі сәнді етіп жасауға барынша күш саламыз. Домбыраны бір ай істесем де сапалы болғанына баса назар аударамын. Қазіргі кезде сатып алушылар өздері іздеп келіп, жиі тапсырыс береді, – деді «Жетіген саз аспаптар» ЖШС шеберханасының жетекшісі Біржан Ділманов.

Соңғы жылдары ұмыт бола бастаған дәстүрлерді қайта жаңғырту мақсатында түрлі жобалар қолға алынауда. Солардың бірі «Домбыра пати», «Домбыра фест» шаралары Қазақстанның түкпір-түкпірінде дәстүрлі түрде ұйымдастырылууда. Ашық аспан астындағы бұл игі шара өнерге құштар жастар тарапынан қолдау тауып, дәстүрге айналғаны көңілге қуаныш ұялатады. Аталған жобаның аты мен затына байланысты сын пікір айтылса да, ұлттық құндылықты насихаттаудың жаңа форматының орны ерекше болып тұр. Себебі жас ұрпақты киелі өнердің құдіретін ұғындырып, қызығушылығын оятуда бұл әдістің маңызы зор. Оның қуыр қаржымен өтетін жаттанды мерекелік жыйындардан әлдеқайда артық екендігі де сондықтан болады.

Ұлттық өнердегі мұндай жетістікті көріп іштей қуанасың. Өйткені бұл – қазақ үшін аса кәсіпті дүние. Домбыраны шерте білу – ата дәстүрге бойлап, бойға сіңіре білу. Атадан қалған баға жетпес мұрамызды жас ұрпақ өз деңгейінде құрметтеп, келер буынға аманат етсе, нұр үстіне нұр болмақ. Ғалымдардың пайымдауынша, кімдекі домбыра құдіретін шын ұғынса, психология, физика, математика, тарих, педагогика ғылымдарының барлығы онай менгере алады деседі. Бұл домбыраның біз біле бермейтін қасиетін аңғарта қарқын бергені, әрбір ісі қазақтың бұл жәдігерді ұлттық құндылықты бірегейі ретінде қастерлеуі парыз.

Мұндағы жас домбырашылар түрлі байқауларда бақсынап, жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Олардың 85 проценті оқу бітіргеннен кейін ірі қалалардағы өнер академиясына оқуға түсіп, білімін жетілдіреді. Ал қазіргі таңда қаладағы өнер мектебінің жалпы ұлт-аспаптар бөлімінде 130-дан астам жас білім алса, оның 70-80-ге жуығы домбыра үйренуге ниет білдірген өрендердің үлесінде екен. Мұндағы әрбір баланың әбден

арнайы органдар, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ұлттық компаниялар, меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалар:

1) мынадай ұйымдардың/объектілердің қызмет көрсету жөніндегі объектілерінің (халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО), «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, екініші деңгейдегі банкітер, қаржы нарығының объектілері, сактандыру компаниялары, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, айырбастау пункттері, ломбардтар, сұлулық салондары, шаш-тараздар, химиялық тазалау орындары, кір жуу орындары, фитнес, спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары, СПА және массаж салондары/орталықтары/кабинеттері, моншалар, сауналар, бассейндер, жағажайлар, типографиялық көрсетілетін қызметтер, тігін ательесі, фотосалондар, аяқ киім шеберханалары, гүл дүкендерінің, аяқ киім, киім жөндеу, ұйымдастыру техникасын жөндеу жөніндегі сервис, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг, маникюр және педикюр, косметологиялық қызметтерді көрсету жөніндегі объектілер, өзге де объектілер);

халық тұтынатын өнімдердің және тауарлардың көтерме және бөлшек саудасы (сактау) объектілерінің, оның ішінде базарлардың, сауда үйлерінің, сауда желілерінің, сауда-ойын-сауық орталықтарының, дүкендердің, шағын маркеттердің, супермаркеттердің, гипермаркеттердің;

мәдениет және демалыс объектілерінің (музейлер, музей-қорықтар, кітапханалар, концерттік ұйымдар, филармониялар, театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, клубтар, галереялар, көрмелер, ширктөр және басқа да мәдени-демалыс объектілері);

халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы объектілердің (қонақ үйлер, отельдер, хостелдер, мотельдер, жатақханалар, кемпингтер және тағы басқалар); жолдаушылар тасымалын жүзеге асыратын ұйымдардың, әуежайлардың, теміржол, авто-

мобиль және су вокзалдарының, өзген және теңіз порттарының, автостанциялар/автоөтеп жолдарының, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің;

білім беру және тәрбиелеу ұйымдарының, оның ішінде білім беру дамыту және түзету орталықтарының (ересектер мен балаларға арналған), оқу-өндірістік комбинаттардың және басқа да мектептен тыс ұйымдардың;

санаторий-курорттық және сауықтыру мақсатындағы объектілерінің (санаторийлер, демалыс үйлері/базалары/аймақтары, профилакторийлер, балалардың сауықтыру лагерлері (мектеп жанындағы, қала сыртындағы), туристік базалар және басқалар);

қоғамдық тамақтану объектілерінің, оның ішінде ұйымдастырған ұжымдарға орналасқан, сондай-ақ тамақ жеткізуді жүзеге асыратын объектілердің, стрит-фудтардың;

барлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік объектілердің (қарттар, мүгедектер үйлері, сәбилер үйлері және басқалары);

денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде зертханалардың;

дәріхана ұйымдарының;

тіршілікті қамтамасыз ету және коммуналдық шаруашылық объектілерінің (судмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, аумақтарды жинау және қалдықтарды шығару, өңдеу бойынша ұйымдар, авариялық-құтқару қызметтері, ПИК және МИБ және басқалары);

экскурсиялық қызмет көрсететін ұйымдардың;

демалыс объектілерінің, ойын-сауық ойын объектілерінің (компьютерлік клубтар, билырд залдары, боулингтер, ойын-сауық орталықтары/сабақтары, аттракциондар, аквапарктер, кароке, лотерея клубтары және лотерея билеттерін сату жөніндегі өзге де пункттер/нүктелер және басқалар);

байланыс және телекоммуникация объектілерінің;

2) осы қаулының 6-1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдардың вакцинацияланбаған жұмыскерлері үшін (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) (7 күнде 1 рет) міндетті ПТР-тестілеу.

6-2. Облыстардың, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының әкімдері, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ұлттық компанияларының, ұйымдардың, меншік нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында осы қаулының 6-1-тармағында белгіленген салаларда қызмет жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың басшылары:

1) 2021 жылғы 15 шілдеге дейінгі мерзімде (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) вакцинацияның бірінші компонентімен, ал 2021 жылғы 15 тамызға дейінгі мерзімде COVID-19-ға вакцинацияның екінші компонентімен профилактикалық егулер жүргізуді ұйымдастырсын;

2) профилактикалық егулер жүргізу қажеттілігіне ерекше назар аудару отырып, COVID-19 жаңа коронавирус инфекциясының профилактикасы мәселелері бойынша жұмыскерлер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейтсін;

3) COVID-19-ға қарсы вакцинация алмаған жұмыскерлер үшін (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) көзбе-көз режимде жұмысқа жіберуді шектесін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы қаулы 2021 жылғы 2 шілдеге сағат 00-ден бастап күшіне енеді.

Е. ҚИЯСОВ
Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері

ПЕДАГОГ ШЕБЕРЛІГІНІҢ ОНЛАЙН-АЛАҢЫ

Тәуелсіз елдің тірегі – білімді ұрпақ десек, ХХІ ғасыр алдында тұрған келеді мәселе – ғылым мен білімді дамыту болып отыр. А. Байтұрсыннов «...мұғалім қандай да, мектеп һәм осындай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика әдістемелен бақбардан, жақсы оқыта білетін мұғалім», – деген болатын. Иә, қазіргі мұғалім алдында жан-жақты болу, шеберлігін үнемі шыңдап отыру, үздіксіз даму міндеті тұрғандығы рас. Осы тұрғыда мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс жасауы, кәсіби дамуы үшін жан-жақты әдістемелік қолдау қажеттілігі туындайды.

«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҒУ Педагогикалық шеберлік орталығының «Facebook» парақшасында ашылған «Шамшырақ» педагог шеберлігінің онлайн-алаңы мектеп мұғалімдеріне қолдау көрсетуді көздейді. Қазақтың тұңғыш педагогі, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылған алаң мектеп тәжірибесін дамыту үшін жаңа білім, жаңа тәжірибе мен жаңа идея іздеушілерге интерактивті тәсілдерді, тұщымды ойларды ұсынады. Педагогикалық тәжірибені тарату келесі өзекті тақырыптарды қамтиды:

- «Қазақ зиялыларының ағартушылық қызметтері»;
- «Сабақты қалай ұмытпайластырғыз оқыту керек?»;

ӨНЕР

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай Елорда күні қарсаңында «Тәуелсіздік – тұмарым» тақырыбында Нұр-Сұлтан қаласындағы конгресс-холл сарайында республикалық ақындар айтысы өтті. Сөз додасына еліміздің түкпір-түкпірінен 16 ақын қатысып, өзара бақ сынады.



ЕКІ БІРДЕЙ ЖҮЛДЕНІ ЕЛГЕ ӘКЕЛДІ

Айтыс аламында ақындар тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктері жырлап, егемен еліміздің бүгінгі мен болашағын көркем ой, кестелі сөзбен әспеттей білді. Сонымен қатар ел ішіндегі атқарылып жатқан жүйелі жұмыстарды да жігіне жатқызып жырлай алды. Реті келгенде қоғамдағы күрмеулі мәселелерді де тілдеріне тиек етті.

Кіл жүйріктен кім жүйрікті анықтау қабыл алқасына оңайға соқпағаны анық. Өйткені шашасына шан жұқтырмаған жыр жүйріктері бірінен-бірі басым болды. Елімізде белгілі руханият шырақшылары Галым Жайлыбай, Әсия Беркенова, Дәулеткерей Қапұлы бастаған ақын жазушылар ақындар өнеріне шынайы әділ бағаларын бере білді.

Айтысқа Сыр өңірінен Нұрмат Мансұров, Ерженіс Әбдиев, Сырым Әділбеков қатысып, Сыр елі-жыр елі екенін

тағы бір мәрте көрерменге таныта білді. Дүбірлі додала сыр сұлейлерінің лайықты ізбасарлары екі бірдей жүлдені елге әкеліп, мерейімізді тасытты. Атап айтар болсақ Нұрмат Мансұров пен Ерженіс Әбдиев 3 орындармен марапатталды.

Аралдың ақ сүңгісі атанған Ерженіс Әбдиев сөз барымтасында Шымкенттің шайыры Қалижан Білдішевпен айтыса, Жүрсіннің жүйрігі атанып жүрген жерлесіміз Нұрмат Мансұров Павлодар қаласының ақыны Рауан Қайдаровпен сөз қағыстырды. Бабы мен бағы қатар келген қос ақын осылайша айтыс қорытындысы бойынша екі бірдей жүлдені елге әкелді.

Бұл – айтыстың ақ боз үйі атанған Ақмешіттің абыройы.

Жұлдызай ҚАБЕШИ



АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?

ҚАРАТАУДАҒЫ ҚАСИЕТКЕ ТОЛЫ
ҰҚАША АТА

«Атамекен, мен сені білемін бе?» айдары аясында киелі жерлерді аралап, қасиетін жазғанды жөн көрдік.

Бірінші мекен – Ұқаша ата кесенесі. Осы уақытқа дейін бұл кесене жайлы естугім бар. Бірақ жақында осы жерге бару, ондағы қасиетті құдықты, кесене айналасындағы кереметке толы, емдік қасиеті бар тастарды көру бұйырды.

Әулиенің кеніне айналған қарт Қаратаудың қойнауы киелі орындарымен ерекше. Ел есінде аңыз болып қалған киелі орынның бірі Ұқаша ата есімімен байланысты. Ұқаша ата дегенде ең әуелі жұрттың есіне тау басындағы құдық еске түседі. Мұнда келген әрбір адам бірінші Ұқаша атаның қабірі орналасқан кесенеге кіріп құран оқиды. Одан кейін барып тау басындағы құдықтан су алады. Кереметке толы құдық пен сахабаның қабірі жатқан кесене жайлы аңыз көп. Кеңес үкіметі тұсында рухани тарихымызға қатысты әулиелердің есімдерін, олардың еңбегін, тарихтағы алар орнын мақсатты түрде жоюға тырысты. Тәуелсіздікпен бірге жоғымыз түгенделіп, ошкеніміз жанды.

ҰҚАША АТА КІМ БОЛҒАН?

Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясында сөзделген ескерткіші саналатын Ұқаша ата қабірі Қаратаудың күнгейінде орналасқан. Ұқаша атаның алғашқыда тек қабір орны ғана болса, 1989-1990 жылдары қазіргі мазарды жергілікті халық тұрғызған. Мазар 2 бөлмеден тұрады, кіре берісі күшпірім, екінші бөлмесі ұзынша келген. Бұл бөлме неге ұзын десеніз, Ұқаша ата бойынша ұзындығы 19-20 метр болған деседі. Естіген кезде таңғалғанымыз рас. Өйткені өмірде өзі алыңдардың бірі болыпты.

Тарихшы Мұхтар Қожаның жазған мәліметіне сүйенсек, «Ұқаша ата атты киелі орын Түркістан қаласынан 60 шақырым жерді, Серт ауылының солтүстік жағындағы Қаратау етегінде жатыр. Аңыз бойынша Ұқаша ата Мұхаммед пайғамбардың сахабасы. Оны жау және алмаған, ешбір пенденің оғы өтпейді, қылышы кеспейді екен.

Бір күні жаулары айла жасап, оның әйелін алдап сахабаның осал жерін біліп алыпты. Ұқаша ата тек таң намазын оқыған кезде қорғаныс болады. Яғни сол кезде намаз оқыған сәтте оның барлық бұйыны босайтынын біліп алған. Сөйтіп жауы Ұқаша ата таң намазын оқып отырған кезде келіп басын қылышпен шауыпты. Жансыз басты періштелер домалатып қырдың етегіне жеткізіпті. Сол жер қабіріне құдық болып, Ұқаша ата басы оған түсіп, жер асты өзені арқылы Мұхаммед пайғамбарға жетіпті. Сахабаның қаны тамған жердің бетіне саздан ұзындығы 21 метр белгі соғылған. Зияратқа барғандарға әулиенің шырақшылары Ұқаша атаның басы домалап түскен құдықты түбісінің ізі қалған тасты көрсетеді. Оны біз де көрдік. Зияратшылар осы құдыққа кезекпен шелек салып, су алуға әрекет етеді. Су біреулерге беріледі, біреулерге қанша мәрте шелек салғанымен бір тамыш су ілінейтіні тағы бар.

Сонымен қатар Ұқаша сахаба біздің даламызға ислам дінін уағыздаушы тарихи тұлға. Ол пайғамбарымыздың сенімді серіктерінің қатарында болған. Оған қоса әскери қолбасшысы ретінде белгілі. Аңыз бойынша Ұқаша ата шапса қылыш, атса оқ өтпейтін қасиет дарыған алып денелі батыр болыпты. Шығу тегі жағынан Түркі тайпаларының бірінен шыққан. Ал Кеңестік дәуірде халықтың тарихи санасында Ғақша сахаба есімі ұмытылып, Ұқаша ата, Ұқаша әулие есімімен сақталып отыр.

Сондай-ақ Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың күзетшісі болған сахаба жайлы сан түрлі дерек бар. Бір күні Алланың елшісі алпыс бірге толып, оған Жебейіл періште: «Сен Пайғамбар ретіндегі міндетіңді орындадың, енді өзіңнің туыстарыңның арасында қарапайым адам секілді өмір сүресің», – деді. Сонда Мұхаммед Пайғамбар: «О, Аллаһ, мен қарапайым адам секілді өмір сүре алмаймын, өзіңнің қасына ала ғар», – деп жалбарыныпты. Оның осы тілегін Алла қабыл етіп, бұл өмірден өтерін де Пайғамбар алыс-жақындарын жып: «Менің ешкімде қарызым қалмады ма?» деп сұрайды. Сонда Ұқаша ата бұрын өзінің арқасын осканын, бірақ әлі өзінің ессін қайтармағанын айтады. Киімін көтеріп, арқасын тосқан Пайғамбардың жауырынан тараған үш сәулені көрген Ұқаша ата пайғамбар маңдайын тигізіп, атса оқ, шапса қылыш өтпейтін қасиетке ие болғанға ұқсайды. Сондықтан оған шалғай елдерге ислам дінін насихаттау аманатталса керек.

Тағы бір деректерде былай келтірілген, Ұқаша ата көзі тірісінде «Қай жерде жан тапсырсам да, мейлі шахид болайын, Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың қасында жерленсем арманым жоқ» деп дұға тілеген екен. Пайғамбардың ізін

қуған Ұқаша атаның бұл тілегі қабыл болса керек, басы шабылған сәтте кенеттен ауа райы бұзылып, найзағай жерге түсіп кетеді де үлкен тасты жарып жібереді. Содан құдық пайда болады. Ұқаша атаның басы сол құдықтан ішіне түсіп кетеді. Дін дұшпандары екі сарбазын құдыққа түсіріп, басын алып шығуды тапсырғанымен, одан нәтиже шықпапты.

ҚҰДЫҚТАН СУ ШЫҚСА,
БІР ҚУАНЫШ...

Біз барған кезде кесенеге келушілер қарасы өте көп екен. Бәрі кезекке тұрып, ата әруағына құран бағыштауда. Ал құран оқытып болғандар құдыққа қарай бет алуға. Мұнда да кезек алып, өзіңізді сынап, қасиетті құдықтан қанша су шығатынын көре аласыз. Сынап дегеніміз, су бәрине бірдей шыға бермейді. Кей адамға мүлдем шықпай қалады. Оны өзіміз де көре алдық. Су алуға арамдыз бір ата болды. Құдық басындағы имам үш рет мүмкіндік берді. Бірақ өкінішке орай үш рет тастаған шелек бос шықты.



Құдық басы

Осындайды көзбен көрген кезде өзім де уайымдап қалғаным рас. «Ниятім таза секілді. Ешкімге арамдығым жоқ. Алайда су шықпай қалса, ол ненің белгісі?» деген ойлар да кеткенді рас. Сонымен кезек өзіме келді. Бісеміләмді айтып, шелекті тастап жібердім. Сәл күтіп, ақырындап тарта бастадым. Бір кезде шелек бір жерге тірелген сияқты. Тартылуы қиындау болды. Жанымдағы имам кісі, «қарындасым, тарта бер. Саған су шықты» деген кезде төбем көкке жеткендей қуанып, Аллага шүкірдімі айта бастадым. Иә, көдімгідей қожалық болады екен.

Құдықтың тереңдігі 28 метрді құрайды екен. Құдық тік емес, спираль тәрізді. Құдықтан су алу үшін шелек салғанда су шығатын болса, ол адамның жолы болғышы, бақытты адам деп саналады. Осы құдықтың басына барша мұсылман жамағаты Алладан тілек тілеп, қуналарынан арылуға зияратқа ағылып келіп жатады. Сондай-ақ ел арасында жаугершілік



Кесене

заман мен бертін келе соғыстан кейінгі жылдары да жараланған адамдар осы құдықтан суна шомылып, айғып кеткені туралы айтылады.

Тағы бір ерекшелігі, құдық ішіне түскен адамдар да бар. Олар арасында түсіп, ішіндегі үзіліп жиналып қалған шелектерді алып, ішін тазартып шығады. Сондағы байқағандары 15 метрдей төмен түскенде биіктігі 12, диаметрі 15 метрдей үңгірге тап болады. Мұнда одан басқа тағы 2 үңгір бар екен. Сипаты қазақтың киіз үйіне өте ұқсас үңгірдің құр-құрғақ екенін көрген олар шетіндегі ағып жатқан бұлақтың бетіндегі шелектерді алып шыққан. Соған көзбен көргендер судың құбылаға қарай ағатынын, құдықтың бір жақ қабырғасында 10 метрге дейін аппақ гүлдер қаулап өскенін айтады.

Бірде мынадай жағдай кездесіпті. Құдықты тазалауға түскен екі адам сегіз сағаттай жүрген. Бір кезде жоғарыдан «шетке тұрыңдар» деп айқайлаған дауыс естіледі. Сөйтсе, Ресейден осы құдыққа арнайы ниеттеніп келген бір кісі шелек тастағанын болмайды деп тұрып алынды. Тастанды. Содан құдық астындағы жігіт, «су қалай құйылады екен. Көрейіңші» деп қолындағы шамын қосып қалған кезде онысы атылып кетеді. Яғни Алланың құдіретімен түсірілмей тұр. Негізгі шелекті тастаған кезде ол суға емес, құмыраға кетіп кетеді. Өйткені құдық асты құрғақ. Ал су шелек тасталған кезде өз-өзінен құйылады. Алайда қалай құйылатынын әлі күнге дейін жұмбақ күйінде қалып отырған сынайды.

2015 жылы Елордалағы Еуразия университетінің зерттеушілері құдық басында төрт күн жатып, зерттеу жұмысын жүргізіпті. Нәтижесінде олар құдық суының құрамы Меккенің зәмзәм суымен 90 процент сәйкес келеді деген қорытынды жасаған.

– Расмен, бұл судың дәмі өзгелерден ерекше. Емдік қасиеті тағы бар. Ниет етіп келген адамдар деніне саулық, шипасына ем сұрап көп келеді. Дерттен айқанып жандардың да талай әнгімесін естідік. Құрамы зәмзәм суынан кем емес», – деді құдық басындағы шырақшы. Сонымен бірге бұл су тек дертке дауа емес, шын ниетпен келген адамның да тілегі қабыл болады дегенді де естідік.

Ал су шықпай қалған адамдар арасында ашуланып кететіндері де кездескен. Құдық басында айқайлап, шу шығарып, шелекті лақтырып кеткендер де болыпты. Себебі бұл жаққа адам Қазақстанның барлық облысынан келетінін көрдік. Оған қоса өзге ұлт өкілдері де жиі келеді екен. Алыс-жақын шетелдерден де ат басын бұрушылар бар.

Құдық басында ерекше жағдай болып тұрады. Соны бір, Алматыдан бір екі әйелмен, екі қызы және ұлымен келіпті. Құдық ішіне шелек тастады. Жіппен тартып шығарғанда ауыр боп кетті. Жабдылып жүріп шығарған. Енді қараның, төрт шелекке толы су шығып тұр. Алдында майысып, құдық ішінде қалып қойған шелектер бір-біріне ілініп шығыпты. Сонда бір рет шелек тастап, 40 литр су шығарған. Бұл да – Алланың құдіреттілігі.

Киелі мекенге жақын маңдағы ауылдың қариялары тұрақты түрде айына бір рет келіп тұрады. Емшілер мен туристік агенттіктерілер де тұрақты зиярат етушілер қатарында. Олардың қатарында ресейлік бір келішек те бар. Шырақшының сөзінше, ол бірнеше жыл бала сүйе алмаған. Осы құдық басына келіп, су

ішіп, кейін түс көрді. Түсінде белгісіз ер кісі гүл сыйлаған екен. Содан әйелдің аяғы ауыр болып, қызын дүниеге әкелген. Осы жағдайдан соң ол құдық басына тағы да бірнеше рет келіп жүріп, қызынан оқ ұлды болыпты. Осындай таңағайып әңгімелер көп.

Мұнда әр адам әртүрлі себеппен келеді. Біреуі бала сұрап, енді бірі деніне саулық, келесісі баласының, отбасының амандығын тілейді. Тағы бірі қызметінің алға басыуын Алладан сұрайды. Ал Алла шын ниетпен дұға еткенін тілегін қабыл етеді. Лайым, осы кесенеге келген ер пенденің игі ниетті тілегі орындалсын дейміз.

ТАҢҒАЖАЙЫП ТАСТАР БАР

Ұқаша ата кесенесіне жақын орналасқан жерде әртүрлі пішіндегі тастар бар. Алла деген жазуы бар тасты да көре аласыз. Бірақ мұны кейбірі білсе, енді бірі біле бермейді. Өйткені бұл жаққа келгендердің көбі кесенеге құран оқытып, одан құдыққа барып су алумен ғана шектеледі. Ал тастағы емдік қасиеттер өз алдына бөлек тақырып.



«Алла» деген жазуы бар тас

Сондай-ақ мұнда тақ деп аталатын тас бар. Бұл тас кезінде Ұқаша атаның тағы саналған деседі. Осы тақ сияқты тастың үстінде отырып тілеген тілекті Тәңір береді екен. Оған қоса үлкен табын тәрізде тасты көзіміз шалды. Ол – Ұқаша атаның табынның танбасы. Сол табына сіз де табыныңызды қойып, содан кейін тастың үстінде тізерлеп тұрып көрек. Бұл тізе буындарына бірден-бір ем деседі.

Осында келушілер екі тастың арасымен отуі шарт. Осы жолы да өзіміз тағы сынауымызға тура келді. Өте тар тастың арасынан оту оңай болмады. Бірақ өткеннен кейінгі әсерді сезіну ерекше екен. Өзіңізді жеңіл сезінесіз. Ондағы қасиет тастан өткен адамның бойы тазарып шығады екен. Расында да, дәл солай.

Екінші тас – шаңдырақ тасы. Бұдан өткен адамның босағасы берік болады. Әрине, оту жеңіл болмады. Өйткенімен шыдамдылық танытып өткен адамды Алла да қолдап жібереді. Кәдімгідей тастың арасынан өткен кезде Алланың бір көмегі сезіледі. Міне, өрметтілігі осында.

Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ

АЗУЫН АЙҒА БІЛЕГЕН
ҚЫТАЙ

Биыл Қытайды басқарып отырған Коммунистік партиясының 100 жылдығы. Осыған орай Қытайда үлкен мерейтойлық шара өтті. Әлем жұртын шараның мазмұны емес, Қытай басшысының сөзі көбірек қызықтырды. Президент Си Цзиньпин өз алғысөзінде Қытайға қысым көрсететін немесе ел ішіне ірікті салатын кез келген адамның «басы жарылатынын» айтты. Басылымдарда бұл ақпарат желдей есті. Азуын айға білеген Қытай басшысының сөзінен кейін «BBC» арнасының тілшісі Вайи Инп «Си өзінің мерейтойдағы сөзінде Қытайға «қысым» көрсетілмейтінін айтты» тақырыбында мақала жариялады.



Бейсенбіде Қытай басшысы мерейтойдағы құттықтауы арқылы көпшілікті аузына қаратқаны рас. Си Цзиньпин өз сөзінде Қытай арандатушылыққа жол бермейтінін айтты. Тіпші мұны АҚШ билігіне қарай бағытталған сөз деп тұжырымдайды. Себебі бүгінде Қытай Гонконгтегі адам құқығының тапталуы мен репрессия орын алды деген күдіктен сынының астында қалған болатын.

Қытай мен АҚШ-тың арақатынасы соңғы уақытта сауда, тынышлық пен пандемияның әсерінен біраз күрделенді. Бұған Тайвань проблемасы да дәуір әсер етті. Себебі Тайвань өзін егемен ел деп есептесе, Пекин бұл аралды бөлінген провинция деп санайды. Мақалада егер де Қытай Тайваньды қайтары үшін күш қолданатын болса АҚШ өзінің белгілі заңы бойынша Тайваньға көмектесуі керек болатыны жазылған. Ал мерейтойлық шарада Қытай басшысы Тайваньмен қосылу күн тәртібінде алдығы қатарда тұрған мәселе екенін айтқан.

«Ешкім Қытай халқының ұлттық егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғаудағы ерік-жігерін және қабілетін төмен санамауы керек», – деді ол.

Бұған жауап ретінде Тайвань өз егемендігін сақтап қалу үшін қарсы жауап беруге дайын екенін айтты. «Пекин демократиялық реформа, партиялық бәсекелестік және адам құқығы секілді реформаларды жүзеге асыруы керек. Сонымен қатар аймақтың жауапты мемлекеті екенін де ұмытпауы тиіс», – деп Taiwan News Құрлық ісі жөніндегі келесі сөзін жариялады.

Мерейтойлық шарада 1 сағатқа жуық сөз сөйлеген Си Цзиньпин партияның мемлекет дамуы үшін атқарушы рөл ойнайтынын, оны елден бөлуге тырысқандар қатаң жазаланатынын айтқан. «Қытайды тек социализм құтқарады, ал қытайлық социализм мемлекетті дамытады», – деді ол өз сөзінде. Тілшінің пайымдауынша, бұл сөзі арқылы ол экономиканы нығайту үшін партияның нарықта қолданған жүйесін мензеген.

Сонымен қатар Си өз сөзінде «Біз ешқашан біреудің Қытайды қорқытуына, азғындауына немесе басқаруына жол бермейміз», – деп айтқан. Мұндай іске барғандар 1,4 миллиард Қытай соққан Ұлы Қытай Қорғанынан қанжоса болатынын ескертті.

Қытай өз мемлекетінің дамуына Америка тұсау болғысы келетінін бірнеше рет айтқан және бұл сөздер де Вашингтонға бағытталған болуы мүмкін.

Ал Гонконг пен Макаодағы жағдайды Си «автономияның жоғары деңгейін сақтап отыру» деп бағалап, Улыбрияның мен Португалияның арасындағы Қытайға жерін қайтары туралы келісім шартындағы «бір ел – екі жүйе» қағидатын берік ұстану керектігін ескерткен.

Аталған жағдайға байланысты саяси репортер Робин Брант та өз талдауын жариялаған. Ол Мао Цзэдуннан кейінгі Қытайдың ықпалы жоғары басшылардың бірі Си Цзиньпин екенін, оның мерейтойға киіп келген ақшыл-сұр костюмін Коммунистік партияның негізін қалаушының киіміне ұқсатқан.

Одан бөлек репортер Си өз халқын «жаңа әлем» құрғаны үшін алғысын, ол әлем коммунистік партиясыз болмайтынын тұспалдап жеткізген. Ал шараның бір кезінде 100 санын бейнелеген ұшақтар ұшып өтіп, оны партия қатарындағы ұшықтарды басқарған.

Дегенмен бұл шараның барлығын Робин Брант тек жай ғана көзбояушылық екенін, негізгі мақсат – Коммунистік партияны, үкімет пен қытай халқының ойын бір бүтін ету мақсатында болды деп тұжырымдайды.

«Олар кез келген ілгерілеуді, дамуы және экономикалық жетістікті халық пен биліктің есебіне, көбіне партияның ұпайына жазалды», – дейді репортер өз жазбасында.

Ал Си Цзиньпинді басты мақсаты коммунистік партияның әулетін көтеру екенін бірден-бір дәлел – мерейтойлық шараның соңында «Коммунистік партиясыз Қытай болмас еді» атты әнін шыққаны деп қорытындылайды Робин Брант.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НУРАЗҒАЛИ

Меншік иесі:



жауапкершілігі
жестеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, болымдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптақалы 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басыа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4160 Тапсырыс №956

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтоқын НҮРЛЫБАЙҚЫЗЫ